

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№20 (089) ЖҰМА

7 маусым 2024 жыл

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ



ҚОС ЕЛ АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ: МАҚСАТ – ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ

Ұлытау облысының әкімі Берік Әбдіғалиұлы өткен аптада жұмыс сапарымен Ресейдің Новгород облысына барды. Өңір басшысы жергілікті губернатор Андрей Никитинмен кездесіп, екі ортадағы сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және әлеуметтік-мәдени салаларды дамыту мәселелерін талқылады.

«Алдымен, шақырғандарыңызға алғыс білдіргім келеді. Өз тарапымыздан аймақпен танысып, білім, мәдениет, туризм саласының дамуын көзімізбен көріп, тәжірибе алмассақ деген ниетіміз бар. Себебі біздің облыс – өте жас. Серіктестік пен ынтымақтастық біз үшін маңызды»-деді Ұлытау облы-

сының әкімі Берік Әбдіғалиұлы.

Естеріңізге сала кетейік, 2022 жылы Ұлытау облысының әкімдігі мен Новгород облысының Үкіметі ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойған болатын. Ал өткен жылдың қыркүйегінде Астанада өткен INNOPROM QAZAQSTAN форумында 2023-2025

жылдарға арналған арнайы Жол картасына қол қойылды.

Ұлытау облысынан келген делегация бірқатар жобаментаысты. Тараптардың негізгі міндеті-істердің жағдайын бағалау және перспективаға нақты шешімдер қабылдау үшін негізгі трендтерді белгілеу.

Сондай-ақ, Ұлытау облысының әкімі Берік Әбдіғалиұлы мен Ұлытау облыстық мәслихатының төрағасы Бауыржан Шыңғысов бастаған делегация сапар барысында Новгород Кремль аумағында Ұлы Отан соғысы кезінде Новгород жерін азат еткені үшін қаза тапқан Қазақстан Республикасының ту-малары-жауынгерлерді еске алу үшін «Мәңгілік даңқ алауы» мемориалына гүл шоқтарын қойды.

Обләкім баспасөз қызметі

СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2024 жылдың 13 маусымы сағат 15:00-ден 2024 жылдың 14 маусымы сағат 15:00-ге дейін Сәтбаев қаласының су құбыры желілерінде жалпы хлорлау жүргізіледі. Ауыз суда қалдық хлордың жоғары мөлшері сақталады.

Хлорлау басталғанға дейін шаруашылық ауыз суының қажетті қорын жасауды сұраймыз.

Су құбыры желілерін жақсы дезинфекциялау үшін су ашатын крандарды жарты айналымға ашу керек.

«Сәтбаев жылу, сумен жабдықтау кәсіпорыны» ЖШС әкімшілігі

ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ г. САТПАЕВ, РУКОВОДИТЕЛЕЙ ПРЕДПРИЯТИЙ И УЧРЕЖДЕНИЙ!

С 15:00 часов 13 июня 2024 года до 15:00 часов 14 июня 2024 года будет проводиться общее хлорирование водопроводных сетей города Сатпаев. Питьевая вода будет иметь повышенную дозу остаточного хлора.

До начала хлорирования просим сделать необходимый запас хлорированной воды.

Для лучшей дезинфекции водопроводных сетей, водоразборные краны необходимо открыть на пол-оборота.

Администрация ТОО «Сатпаевское предприятие теплоснабжения»

КӨК БАЙРАҚ ТҰРДЫ КӨЗ ТАРТЫП...

Мемлекеттік Рәміздер күні Қаныш қаласында жыл сайын жаңаша түрге еніп аталып өтеді. Бірақ, бір өзгермейтін, дәстүрге айналған нәрсе, бұл қаланың орталық алаңына жақын орналасқан үйлердің балкондарының бәріне бірдей күнілгері Мемлекеттік Туды ілу. Биыл да сол көрініс қайталанды.



Биыл да жылдағыдай қала көшелерінде Көк Байрақты көкке көтерген автошеру ұйымдас-тырылды.

Біртүсті футболка киінген жастар, сарбаздар, қаладағы «Ақ әжелер» ансамблі, ақсақалдар, этномәдени орталықтардың өкілдері еліміздің Әнұранын шырқаған кезде алаңға жиналған жұртшылықтың арасынан қосылып жатқан жандардың да бар екені байқалды. Бұл өткізілетін іс-шаралардың сценарий қалыбынан

шығып кететінін де көрсетті.

- Бұған тек қана қуану керек. Өйткені, еліміздің Мемлекеттік Рәміздеріне деген сүйіспеншілік, құрмет әрқайсымыздың жүрегіміздің түпкірінен, шынайы көңілімізден өрбіп жатқаны қандай жақсы? Біз биыл алғаш рет көшедегі кез келген кісіге Мемлекеттік Рәміздерге қатысты бейнесұрақ қойып, ең мықты, дұрыс жауап қайтарғандарға сыйлық үлестірдік. Және биыл бірінші рет дөңгелек

үстел ұйымдастырып, Рәміздерді қастерлеу тұрғысындағы ойларымызды ортаға салдық. Мақсат - көпшілік арасында Мемлекеттік Рәміздерге деген жаппай сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру-дейді Сәтбаев қаласы ішкі саясат бөлімінің басшысы Аманкелді Құрақбай.

Қаныш қаласындағы Рәміздер күні міне, осылайша мәнді де, мазмұнды болып өтті.

С.ҚАДІРЛИНОВ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Өмірден ерте озған талантты журналист, саясаттанушы **Рахат МАМЫРБЕК атындағы байқау** бұқаралық ақпарат құралдары мерекесі қарсаңында биыл да өтпекші. Байқауға демократия институттары, адам құқығы мен бостандықтары, құқықтық мемлекет, саяси жүйенің дамуы, азаматтық қоғам, еркін сөз бен плюрализм, партиялар бәсекесі, билік тармақтарының легитимдігі және өзге де саяси-қоғамдық тақырыптағы журналистік материалдар қабылданады.

Жанрға шек қойылмайды.

Саяси журналистика саласындағы үздіктерді анықтауға арналған байқауға республика аумағында медиаконтент өндіретін және тарататын республикалық және өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары және жеке авторлар қатыса алады.

Байқау «Ең үздік видео» және «Ең үздік мақала» атты екі аталым бойынша беріледі.

Бірінші орын екеу – 700 000

(әр аталымға бір-бірден),

екінші орын екеу – 300 000,

үшінші орын екеу – 200 000 теңгеден.



Байқау қорытындысы маусым айының соңында – Журналистер күні қарсаңында жарияланады.

Материалдар baiqau2024@yandex.kz пош-тасы арқылы қабылданады.

Байланыс телефоны:
+ 7 777 216 27 83 (Есей).

ҚАЗАҚСТАН ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ СПОРТЫ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

Мәжілістің бірнеше депутаты ұлттық мәдени мұрамыз тоғызқұмалақтың атын өзгерту қажет деп үкіметке сауал жолдапты.

Ғасырлар бойы халық пайдаланып келген төл атаудан жирену, қасиетті ұғымдарға немқұрайлы қарау - ұлттық құндылықтар аясында қоғамды ұйыстыруға бастамайтын іс екені сөзсіз.

Көзіқарақты кез келген адам «бұлар басқаны қойғанда Абайды танымай Әуезовті оқымағандар ма?» деп қайран қалған шығар. Бастамашылардың кімді оқитынын білмейміз, бірақ қағидалы ақиқатты түсінбейтіні анық.

Тоғызқұмалақ- ұлттың мыңжылдық тарихы бар зияткерлік ойыны.

ЮНЕСКО оны адамзаттың мәдени мұрасы деп 2020 жылы мойындаған. Тоғызқұмалақ ұлтымыздың әлемдік мәдениетке қосқан үлесінің жарқын үлгісі болып табылады.

Сырттан келген бірер адам түрлі пиғылмен атауын бұрмаласа- ондай тәсілді біздің мәдениет пен тарихи жадымызға қарсы сыртқы күштер талай қолданғанын тарихтан да білеміз.

Тарихи, ғылыми дереккөздерде, көркем және ауыз әдебиетінде, ұлттық жадында ойын тек тоғызқұмалақ деп аталады.

Ұлттық ойынның атауы Парламентке де, Үкіметке де, тоғызқұмалақ федерациясына да тиесілі емес.

Ол еш адамның, не ұйымның меншігіне жатпайды.

Ойынның да, оның атауының да иесі- қазақ халқы.

Біздің перзенттік парызымыз - тоғызқұмалақты дамытып, қанатын кеңге жаю.

Қазір әлемнің 50 астам елінде тоғызқұмалақ көзбе-көз ойналса, интернет арқылы 100 мемлекет тұрғындары түрлі сайыстарға қатысуда. 6 әлем чемпионаты 25-30 ел өкілдерінің қатысуымен өтті.

Жаханға танымал зияткерлік ойындар сайттарында тоғызқұмалақ көшбасшы орында.

Қазақстанда 210 мың адам түрлі деңгейде тұрақты шұғылдануда.

Мұның бәрі ардагерлер, жаттықтырушылар, ойыншылардың еңбегінің, оларды демеп, қолдап жүрген федерация, тоғызқұмалақ қайраткерлері, кәсіпкерлер, Спорт және туризм министрлігі мен жергілікті әкімдіктер, маслихат депутаттарының бірлесіп атқарып жүрген істерінің жемісі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылы тоғызқұмалақты дамытуға назар аударуы ортақ іске соны серпін берді.

Біз әрі қарай да ұлттық мұраны насихаттап, дәріптеп, кеңірек таралуына жұмыс жасаймыз.

Перзенттік парызымызды атқаруға ешкім кедергі бола алмайды.

Қазақ барда тоғызқұмалақ дами бермек.

Ұлт алдында зор міндеттер тұр. Азамат ретінде ел дамуының өзекті мәселелері бойынша жоғары мінберлерден келелі ой айтылғанын қалаймыз.

Пікір алуандылығын сыйлай отырып, қасиетті құндылықтармен ойнауға болмайтынын мәлімдейміз.

Алихан БАЙМЕНОВ,
Қазақстан және Дүниежүзі
тоғызқұмалақ федерацияларының
президенті

► ӨНДІРІС ӨРІСІ

ҮШШОҚЫДА АЛТЫН ӨНДІРІЛУДЕ

Ұлытау облысындағы Үшшоқы кен орнында алтын өндіретін фабрика іске қосылды. Жаңа фабрика салу жобасын осы жерде кен өндірумен айналысып келген «BASS Gold» ЖШС жүзеге асырды.

Үшшоқы алтын кен орны Жезқазған қаласынан солтүстік-шығыс бағытқа қарай 120 шақырым жерде орналасқан. Кен қоры 1969-1972 жылдары барланған болатын. «BASS Gold» серіктестігі бұған дейін құрамында алтыны бар кенді сатып келген болатын. Мәселен, өткен 2023 жылы әр тоннасының құрамында 3,7 грамм мөлшерінде алтыны бар 50,4 мың тонна кен өндіріпті. Енді жаңа фабриканың іске қосылуы кенді өңдеудің толық циклін жүзеге асырып, Доре қорытпасы түріндегі өнім алуға мүмкіндік беріп отыр. Алтын айыру фабрикасында өндірілген қорытпа өнімдері «Тау-Кен Алтын» ЖШС-нің аффинаждық заводына жөнелтіледі. Фабрика толық қуатына көшкенде жылына 72 мың тонна кен өңдеп, 250 килограмм дайын өнім шығарады деп жоспарлануда.

- Фабрика құрылысын біз өткен жылдың сәуір айынан бастап жүр-

гіздік. Кенді кеспекте сілтісіздендіруге арналған жабдықты Қытайдан сатып алдық, қалғандарының барлығы қазақстандық өндірушілердің өнімдері. Кәсіпорындағы жұмыс орындарына Ұлытау мен Қарағанды облыстарының мамандары тартылады. Қазір фабрикамыз іске қосылды, толық қуатына көшкенде айына 20,8 кило дайын өнім шығаратын болады. Қазақстанның алтын қорын толықтыруға лайықты үлесімізді қосамыз, - дейді бас директордың орынбасары Ермек Илиясов.

«BASS Gold» компаниясының активінде бұдан басқа Алматы облысының аумағында Чинасылсай кен орны бар. Онда да алтын өндірілуде. Түпкілікті өнімдерінің барлығы келісім шарт бойынша «Тау-Кен Алтын» серіктестігінің аффинаж заводына жіберіледі.

Амандық РАХҰЛЫ

ТАСҚЫННАН СОҢҒЫ ЖЕЗДІ

Ұлытау өңіріндегі биылғы су тасқыны Жезді кентінің жұртшылығын біраз әбігерге түсірген еді. Облыс басшылығы тіпті, кентте төтенше жағдай жариялауға мәжбүр де болды. Наурыздың 28-29 -күндерін жезділіктердің бәрі дерлік ұйқысыз өткізді десе болғандай. Қазір соның бәрі кейін қалды.



- Біздің кент бойынша 10 үй зардап шекті. Бұл үйлерде барлығы 52 адам тұрды, мұның 21 -бала, 6-уы -зейнет жасындағы кісі еді. Сол кезде 6 үйдің отбасы «бізге басқа мекенжайдың керігі жоқ, су құрғаса, өз үйімізде отыра береміз» деді. Төрт отбасыға уақытша үй берілген еді - дейді өткенді еске алған кент әкімі Мұратбек Жұмабек.

Зардап шеккен 10 үйге де тиесілі 3692 мың теңге көлемінде жәрдемақы төленді. Үйлердің бәріне де сараптама жасалды. Нәтижесінде 7 үйге сметалық құжаттама жасалып, соған сәйкес, келтірілген шығындар үшін 43548 мың теңге берілді. Ал, апатты деп танылған 3 үй жаңадан салынатын болды.

Қазіргі кезде құрылыс жұмыстары басталып та кетті. Әр үйдің аумағы 8 сотық жерді құрайды. Құрылысты жүргізіп жатқан «ҚазМузСтрой» ЖШС үйлерді пайдалануға беруді тамыз айына жоспарлап отыр.

- Бізде жаяу жүргіншілер көпіріне зерттеу жұмыстары әлі жүріп жатыр. Бұл өткір мәселе күйінде қалып тұр. Тезірек қорытындысы шығарылып, сметалық құжат дайындау керек -дейді кент әкімі.

Ұлытау облысы,
Жезді кенті.
«Egemen Qazaqstan»,
05.06.2024

► КӘСІПКЕРЛІК ҚЫРЛАРЫ

ЕШКІ СҮТІ – ЕМ

– дейді кәсіпкер Айнұр Ізбасова

Жезқазған қаласының 91-ші орамында асыл тұқымды ешкі өсіріп отырғандар бар дегенді естіп, бұл кәсіптің қыр-сырын білуге асыққан едік. «Есің шықса, ешкі өсір» деген сөз бар халық арасында. Ешкі малының өсімталдығына байланысты айтылған болар. Біз іздеген кәсіп иесі Айнұр Ізбасова көп балалы ана екен. Ол ең әуелі «Бизнес-Кеңесші» курсына оқып, мемлекеттен бөлінген грант арқылы жеке кәсібін ашуға қол жеткізіпті.

- Бұл істі бастағанымда онша көп уақыт болған жоқ. Қалалық жұмыспен қамту орталығы арқылы 2020 жылы бизнес жүргізу жөніндегі курста оқығанымда кәсіпкерліктің әр саласы туралы жан-жақты бағыт-бағдар берді. Мен ойлана келіп осы ешкі шаруашылығын таңдадым. Бизнес жоспарын жасадым. Сол арқылы әкімдіктің кәсіпкерлікті қолдауға арналған 555 мың теңге грантына ие болдым. Содан әуелде асыл тұқымнан 4 ешкі сатып алдым. Келесі көктемінде аналық ешкі лақтады, егіз тапты. Жыл өткен сайын мал басы да өсе түсуде. Қазір 5 ешкі сауып отырмын. Сонымен қатар 11 лақ, 4 туша, бір теке және бір серке бар. Ешкі сүті ем ғой. Сондықтан, сұраныс жақсы, адамдар өздері келіп алып кетеді, - дейді Айнұр.

Айнұр мен жолдасы Әліпбай отбасында 5 бала өсіріп отыр. Балаларының алды 20 жастан асса, ең кішілері 7 жаста. Әліпбай Жомарт кенішіндегі шахтада ұнтақтаушы болып еңбек етеді. Вахтадан келгеннен соңғы 15 күннің ішінде жұбайының қолға алған ісіне көмектесіп, қол ұшын беріп отырады. Ал, негізінен кәсібіне қатысты барлық шаруасын Айнұр өзі жүргізеді десе болады. Қала аумағында көп ешкі ұстауға мүмкіндік жоқ. Дегенмен, сауынға арналған 7-8 бас ұстауға болады дейді олар. Жемі мен шөбін сатып алып отыр. Жем-шөпке кететін шығыннан тыс отбасы кірісіне пайдасы да бар көрінеді. Айнұр мен Әліпбай ешкі сүтінің адам ағзасына тигізер шипасы туралы да жақсы біледі екен.

Ғалымдардың дерегінше, аса пайдалы шөптермен қоректенетін ешкінің сүті – таптырмас ем, бойға қуат саналады. Сүт құрамында



кальций, магний, фосфор, марганец, А, В1, С және Д дәрумендері бар. Мамандардың зерттеуі бойынша ешкі сүті анемияда, тағамдық аллергияда, туберкулезде, асқазан, ішек қарын жолдарының ауруларында, диабетте, диатезде, ағзадан ауыр металдардың тұздарын таратуда және көздің нашар көруін жақсартуда пайдалы деген қорытынды жасалған. Сиыр сүтіне қарағанда ешкі сүтінде В12 дәруменінің құрамына кіретін кобальттың мөлшері 6 есе көп екені дәлелденген. Ешкі сүтінің құрамында сүйек тіндерін қатайтатын дәрумендер қоры жеткілікті болғандықтан, дәрігерлер балаға бір жастан бастап рахит ауруының алдын алу және оны емдеу үшін осы тағамды беруді ұсынады. Халық медицинасында да ешкі сүтінің тоқсан түрлі ауруға ем екені айтылады. Бір ғажабы, ешкі түлігі сиыр малы шалдығатын туберкулез, бруцеллез ауруымен ауырмайтын көрінеді. Міне, біздің де ешкі өсірушіні іздеп, бұл кәсіппен айналысушыға қызығушылық танытуымыздың сыры осында еді.

Іскер әйелдің ері Әліпбай айтады: «Әкем ауылда, яғни Байқоңырда тұрады. Көп жылдан бері ешкіні өзі сауып, сүтін ішіп отырады. Сексеннен асып кетсе де әлі тың, ширақ» дейді. Шағын болса да

ешкі шаруашылығымен айналысудың балаларды еңбекке баулуға айтарлықтай әсері тиіп отырғанын да тілге тиек етті. Кешкілік ешкілерді балалар сыртқа шығарып, екі-үш сағаттай далаға жайып келеді екен. Лақтарды тамақтандыру да солардың мойнында. Сауын ешкінің лақтарын туғаннан бастап енесіне емізбей, сүт беріп асырайтын көрінеді. Қазір 11 лақ бөлек қоршауда жеке бағылуда. Еркек лақтарын өскенде сатуға қояды немесе өздерінің көже-қатығына жаратады. Ұрғашыларын өсіруге қалдырады. Айнұр қазір асыл тұқымды ешкінің 3 түрін өсіріп отыр. Альпі ешкісі, заанен және нуби тұқымдары бар. Алдағы уақытта бағалы түліктің қатары өссе елге ұсынар өнімінің де молаярына сенімді.

Кәсіпкер қазір ешкілерінен күніне 12-14 литрдей сүт алып, сатып отыр. Өткен жылы литрі 1300 теңгеден болған еді, енді жемшөп бағасының қымбаттауына байланысты 1500 теңгеге көтеріліпті. Тұрақты келіп алатын адамдары бар. Ешкі сүтінен айран да ұйытады. Айраны да өте сапалы дейді сатып алушылар. Шағын шаруашылығын осылайша дөңгелетіп отырған Айнұр Ізбасова қолға алған кәсібіне дән риза.

Амандық РАХҰЛЫ

► ТҰЛҒА

ҚАЙРАТТЫ ТУҒАН ЕР

ҚАЖЫМҰРАТ НАҒЫМАНОВ. ЖЕЗҚАЗҒАН - ҰЛЫТАУ Өңірінде бұл есімді асқан жылылықпен еске алмайтындар кемде кем шығар? Өз басым солай ойлаймын. Ол - менің ұғымымда, жезқазған мен сәтбаевтың халқын қыстығүні тірідей қатып қалудан сақтап қалған құтқарушы. Бұл әсіре сөз емес, шындығында солайтын. «Әуелі құдайдың, сосын нағымановтың арқасында аман қалдық» дегенді жезқазған, сәтбаевтың үлкендері әлі күнге шейін айтып отырады емес пе? Бұл өте дұрыс. Өйткені, ердің еңбегін елі ұмытпауға тиіс.



Осыдан 30 жыл бұрын, нақты айтқанда, 1993-тің қысында Жезқазған, Сәтбаев қалалары қақпаған қыстың ортасында жылусыз қалды. Жылу болмаса жылы су қайдан болсын?! Тіпті, ауызсудың өзі қасқалдақтың қанындай таптырмайтын дүниеге айналды. Ілініп-салынып көктемге жеткенмен, келер қыстың қамына кірісу жағы кемшін соғып жатты. Сол кездегі облыс әкімі Г.П.Юрченко қызметінен босады. Оның орнына А.Саламатин деген әкім келді. Бірақ, оның келгенінен кеткені жылдам болды. Үш айға толар -толмас уақытта «Саламатин Мәскеуге кетіп қалыпты» деген әңгіме шындыққа айналды. Тамыздың соңына таман Жезқазған облысының әкімі болып, ҚР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып жүрген Қажымұрат Ыбырайұлы Нағыманов тағайындалды.

Оның есімі өңірге бейтаныс болатын. Бұрын қандай еңбегімен көзге түскені, ұйымдастырушылық қабылеті туралы ешқандай мәлімет жоқтың қасы еді. Сондықтан, көпшіліктің көңілінде «келдің сенімін ақтар ма екен?» деген үміттен гөрі «бұ да ертең алдыңғы әкім сияқты кетіп қалмас па екен?» деген күдік басым тұрды.

Сол тұста қазіргі белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан Байменов Жоғарғы Кеңестің депутаты еді. Облыстық телеарнадан тікелей сұхбат кезінде көрермендердің бірі Әлихан Мұхамедиялынан облысқа жаңадан тағайындалған әкім туралы сұрады. Сонда Әлекең «Іскерлігі керемет, ұйымдастырушылық қабылеті зор, руханиятқа да оң қарайтын азамат келді» деп баға берген еді. Соны тыңдап отырғанда көңіліміз бір жылып қалып еді. Жадымызда сақталып қалғаны да сондықтан болу керек.

Жезқазғанға жаңа тұрпатты әкім келгенін ең алдымен аңғарған, байқаған кісілердің бірі сол кездегі Жезқазған облыстық «Сарыарқа» газеті бас редакторы Сайлаухан Нәкенов ағамыз болды. Редакцияның дәлізінде біршама журналистер бас қосып, шылым шегіп, әңгіме соғып тұрғанда, жарықтық Сәкең «Жігіттер, Құдай қаласа Жезқазғанның жұлдызы енді жарқырайды» деп қалды. Бұл сөзге сол жерде тұрғандардың бәрі де елең ете түсті. Кейбір жігіттер «Сәке, түс көрдіңіз бе? Аруақтар аян берді ме?»

деген секілді әзілді -шынды қыстырма сөздерін де бүгіп қалмады.

Қолындағы шылымын құшырлана бір тартып жіберген ағамыз: - Мен ештеңені әншейін айта салмаймын ғой - деп, сәл тоқтап, жиылғандарды өзіне ынтықтыра түсті.

- Жаңа обләкімдікке бардым. Урумов жаңадан келген әкімге кіре алмай қабылдауында күтіп отыр екен, соны көріп келдім. Бұл деген өңірімізге жаңа тұрпатты әкімнің келгенінің белгісі -деді Сайлаухан аға. Түсінікті болу үшін айтайық, бәлкім, кейінгі жастар біле де қоймас, Урумов деген кісі, сол кездегі «Жезқазғантүстімет» ғылыми - өндірістік бірлестігінің бас директоры, өзін «Жезқазғанның жарты патшасы» сезінетін Тамерлан Михайлович Урумов болатын. Ел арасында «Жергілікті

чалыңики тоже плачут» деп атап кетті.

Сәтбаев қаласындағы тұрғын үй, коммунальды-шаруашылық мекемесін Бозтай Аяпбергенов есімді ағамыз басқаратын. Сол ағамыздан қиын жағдай, жаңа келген басшының қадамдары туралы сұрағанымызда, Бозекең «Жаңа келген әкімнің бітімі бөлек екен. Бұрын естімегенімізді есітіп, көрмегенімізді көріп жатырмыз. Нағыз басшы біз жаққа енді келді» деген еді.

Кейін Жезқазған облысы таратылып, Қарағандыға қараған уақытта әлдебір жиынға сантехник, слесарь болып істейтін азаматтармен бірге сапарлас болуға тура келді. Жол-жөнекей Қажымұрат Нағыманов туралы әңгіме қозғалып кетті.

- Күні -түні жұмыс істейміз. Ол кісі түннің кез келген уақытында жетіп кел-

соң қалай жұмыс істемейсің? Жанымызды салатын едік. Ана кісінің көңілін, ел, халық үшін жүгіріп жүргенін көргенде қалай риза болмайсың? -деген естелік айтып еді сол жолы. Қарапайым еңбек адамдарының берген осындай бағасынан артық басшы адамға не керек?

Міне, осындай азамат 1994-тің қысында қатар жатқан қос қаланы аман сақтап қалып еді. Обалы нешік, Жезқазған халқы Қажымұрат Ыбырайұлы Нағыманов десе ішке астарын қазірге дейін жерге қояды. Ол көзінің тірісінде Жезқазған қаласының Құрметті азаматы атанды.

Қ.Нағыманов 2022 жылғы 2 шілдеде, 74 жасында дүниеден өтті. Қаралы хабарды естігенде аймақтың айтулы азаматы, айтыскер- ақын Мұқаш Сейтқазинов қазаға байланысты халыққа арнап көңілқос жазды.

- Сенің есінде, менің есімде, Ерен еңбегі - елім есінде. Қажекең аты үлкен әріппен, Жазылар аймақ шежіресінде.

Өткенде жолдар шоқалағынан, Сәтімнен болып сапары оңынан. Жезқазғанымды құтқарып қалған, 90-шы жылдар топалаңынан.

Ұлтыма Ұлытау - үйіміз бесік, (Жүрміз ғой соның ұлымыз десіп) Осы азамат елге келмесе, Болатын еді күйіміз нешік?!

Жезқазған - өмір жаңа көшінде, Қаралы әуен - қала кешінде. АЗАМАТ аты ұлытаулықтардың, Өз ұлындай боп қалады есінде- деп жазған сол көңілқоста айтылғандай -ақ, Қажымұрат Нағыманов есімін ұлықтау Ұлытау облысында жалғасын тауып жатыр. Күні кеше ғана Ұлытау облысы әкімдігі ғимаратының қабырғасына Қажымұрат Ыбырайұлына арналған ескерткіш тақта орнатылды.

Тақтаға: «Осы ғимаратта белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімі, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрі болған ҚАЖЫМҰРАТ ЫБЫРАЙҰЛЫ НАҒЫМАНОВ 1994-1996-жылдары Жезқазған облысының әкімі қызметін атқарған» деп жазылған. Тақтаны ашу салтанатына облыс ар-



басшылар мәселені шешу үшін оның кабинетіне өздері барады» дейтін әңгіме айтылатын.

Көп ұзамай-ақ Сайлаухан аға Нәкеновтің айтқаны айдай келді. Жезқазған, Сәтбаев қалаларында жылу желілерін, жөтелелердегі жүйені ауыстыру және т.б. жұмыстар 24 сағат бойы жүргізіліп жатты. Жұмыстың барысы арнайы штабта күн демей, түн демей қаралатын болды және сол жиын жергілікті телеарна арқылы тікелей эфирде көрсетілетін. Сол тұстағы телеарналардан көрсетілетін «Богатые торже плачут» деген сериалға ұйқастырып, халық штабтан берілетін репортаждарды «На-

леді. Сосын «Жігіттер, жағдай қалай? Тоңып қалған жоқсындар ма?» деп сұрайды. Біз сыпайылық сақтап, «Жағдайымыз жақсы, тоңған жоқпыз» дейміз. Сонда ол бізге «Қалай тоңбайсындар?» деп қарсы сұрақ қояды. Ал, сол кезде қасында тұрған көмекшісі немесе шопыры көлікке барып, тісбасарға арналған қазы -қартасы бар, бір жартылық алып келеді. Қажекең «Құйып жібер» дейді. Өзіне де құйдырады. Сосын «Жігіттер, ара -арасында мұның да артығы болмайды. Тек жұмысқа кесірі тимесе болды» деп, өзі де алып, бізге де алдырып, қалғанын қалдырып, «аралайтын жер көп» деп, әрі қарай кететін еді. Осыдан

ЕДІ...

дагерлері, қоғам өкілдері және Қ.Нағымановтың әріптестері, отбасы қатысты.

Өмірдегі досы, қызметтегі үзеңгілес әріптесі, ел ағасы Ерлан Смайылов көрсетіліп жатқан құрмет үшін алғыс сезімін жеткізді, әсерлі естелігімен бөлісті.

- Қажымұрат Ыбырайұлымен 80-жылдардың бас кезінде Екібастұз қаласында таныстым, содан кейін үнемі бірге болдым. Жезқазғанға әкім болатын кезінде, маған телефон шалып: «Машинаң бар ғой, мені Үкіметке шақыртып жатыр, апарып келесің бе?» - деді. Қажыгелдиннің кезі. Жол үстінде «министр етейін» деп шақырып жатқан шығар» дедім. Ол кіріп кетті, мен сыртта күтіп тұрдым. «Жезқазған облысын ұсынып жатыр» деді. «Дұрыс екен, бар» деп едім, «Неге бар дейсің, бірге барамыз» деді. Сөйтіп, мені өзіне орынбасар етіп, ертіп әкелді. Қажыгелдиннің кандидатурасын ұсынған кезде Нұрсұлтан Назарбаев «Ой, ол тентек қой» деп қалыпты. Жоғарғы Кеңестегі депутаттық қызметіне зер салып, сыртынан қарап жүретін болса керек.

Жезқазғанға келген соң, жанымызды сала еңбек еттік. Қажыгелдин «Бізге өзімізден жоғары тұрғандардың емес, халқымыздың бағасы керек» деп отыратын еді. 1994-тің қысынан халықты тондырмай, жауратпай алып шықтық. Мұны халық жақсы біледі.

Кейін Шығысқа әкім болып кетті. Қазіргі «Қазақмыс» «Самсунгке» сенімді басқаруға берілген кезде Үкімет өздері қалай ойлады, солай шешті. Үкіметтің шешіміне байланысты, «Самсунгтің» комбинаттың тапсырысын орындаған мердігерлердің алдында ешқандай міндеттемелері болмады. Соның кесірінен қарыздары жабылмаған, өтелмеген күйінде қалды.

Шығыста да үлкен кәсіпорынды жекешелендіру басталғанда Қажымұрат Ыбырайұлы әлгіндей келеңсіздіктерге жол беруге болмайтынын айтып, қарсы шықса керек. Үкімет жағынан маған «Сені тыңдайды, анау досыңа айт, мынау іске араласпасың, әйтпесе ақыры жақсы болмайды. Соны есіне алып қой» деген өтініш айтылды. Мен солай істедім. Қажыгелдин хабарласты. Сонда ол «Сен өз еліңе ие бол, менің жұмысыма араласпа» деп мені тыңдаған жоқ. Арада үш күн өткенде «Сенің айтқаның келді. Мыналар маған қылмыстық іс қозғап жатыр» деді. Кешікпей қызметінен босады.

Кеңес уақытында Одақ бойынша ең мәселесі қиын үш ТЭЦ туралы үнемі айтылатын. Бұлар - Чита, Жезқазған және Қызылордадағы жылу-электр орталықтары болатын. Жезқазғандағы ТЭЦ мәселесі дұрысталды. Қажымұрат Ыбырайұлы бастап, мен қостап Қызылорданың ТЭЦ-ін қолға алып, жөнге келтірдік. Сол кезде Назарбаев та өзінің қатесін түсінген болса керек, Қажыгелдин қайтадан мемлекеттік қызметке шақырып алды - деген Ерлан Смайыловтың шағын естелігінен де біраз шындықтың беті ашылғандай болды.

Туған күніне орайластырылған ескерткіш тақта орнатылған соң қайраткердің рухына арналып дәм беріліп, Құран оқылып, дұға бағышталды. Дастархан басында да көптеген естеліктер айтылып жатты. «Елге қызмет ету - мінезден» депті Әлихан Бөкейхан. Қажымұрат Ыбырайұлы Нағыманов елге тізесін батырмаған, мінезімен жағымды болған азамат еді.

Сыр сүлейі Тұрмағанбет Ізтілеуұлынан қалған бір сөз бар. «Қайратты туған ер болсаң, Қамын ойла халқының!» дейді ол. Халқының қамын ойламаған болса, халық осы күнге шейін Қажымұратты аузынан тастамай, көңілінің төрінде сақтап жүрер ме еді?! Әрине, жоқ.

Абдолла ДАСТАНОВ.

ҰЛЫТАУДЫҢ «ҰЛЫТАУ ҮНІ»

Маусымның 1-3 күндері дәстүрлі «Ұлытау үні» фестивалі болып өтті. Фестиваль аясында әдеттегідей ұлттық өнер түрлерінен әртүрлі байқаулар, мәдениет саласы өкілдерінің шығармашылық кештері болып өтті.



«Ұлытау үні» фестивалін ұлтымыздың ұлық өнері айтыссыз елестету мүмкін де емес. Биыл да солай болды.

Фестиваль аясында «Ұлт ұраны - Ұлытау» тақырыбында аламан айтыс өтті. Өнер додасында Ұлытау және Қостанай облысының ақындарынан құралған қос команда тартысты.

Өңірімізде алғаш рет ұйымдастырылған командалық сайыс «Қайым айтыс», «Қыз бен жігіт айтысы», «Жыршы», «Термеші», «Түре айтыс», «Сүре айтыс», «Әнші», «Күйші» сынды кезеңдерден тұрды.

Ұлытау облысының намысын Төлеген Жаманов, Сағынбай Мәлібеков, Сырым Нығызбай, Бекзада Достиярова, Өміржан Көпбосын, Ардақ Мұқыш, Думан Саматұлы, Жалын Сыздықов қорғады.

Ал Қостанай облысынан Айбек Қалиев, Абзал Алпыс, Айбар Рағатов, Данияр Рысбеков, Жібек Шаһмардан, Манапбек Кәдіров, Батырлан Сағынтаев, Қыдырбек Қиысқанұлы атты ақындар өнерлерін ортаға салды.

Айтыстың келесі кезеңіне Қостанай облысы жолдама алды.

Қазақстанның құрметті журналисі, Ұлытау ауданының Құрметті

азаматы, ақын Мағзұмбек Машайықұлының «Өмірі өлеңмен өрілген» атты шығармашылық кеші фестивальдің ажарлы беттерінің бірі болды.

Сексеннің бесеуіне көтерілген ақсақал әлі күнге шейін қаламын қолынан тастаған жоқ. Журналист болып мақала жазатын, ақын болып ой толғайтын Қаламгерге облыс әкімі Б.Әбдіғалиұлы арнайы құттықтау жолдады. Салтанатты кеште Ұлытау облысы әкімі аппаратының басшысы Абзал Жайлыбаев өңір басшысының Құттықтау хаты мен ықылас гүлін жеткізді.

Кешті қазаққа танымал ақын Ғазиз Ештанаев жүргізіп отырды.

Ұлытау ауданының, Сәтбаев қаласының әкімдіктері және т.б. ақынға деген ыстық лебізі мен ықыласын білдірді.

Сондай-ақ, «Ұлар» әдеби клубы мүшелерінің, ақынның балалары мен немерелерінің орындауында ақсақалдың өлеңдері оқылып, өлеңіне жазылған әндер шырқалды.

Кеш иесі де көрсетілген құрмет үшін алғысын білдіріп, жаңа өлеңдерін оқыды.

Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, әнші Береке Көкшеновтің шығармашылық кеші «Алдыңда



жүрмін ән салып» деп аталды. Өнер әлеміне табиғи талантының арқасында келген оны эстрада жанры бойынша аймақтағы ғана емес еліміздегі ақсақал десе де болғандай. Қаншама жыл бойы сахнаның сәнін келтіріп жүрген әнші биыл облыстағы «Мәдениет майталманы» атанды. Әнші кезінде сонау 70-жылдардағы әндерден бастап кейінгі уақытта шыққан жаңа әндердің шырқалуы Береке Көкшеновтің репертуарының молдығын, өзінің әншілік қуатының зорлығын көрсетті.

Биылғы фестивальдің ерекшелігі Жошы ұлысының 800 жылдығына арналған республикалық мульти-аспапшылар конкурсының ұйымдастырылуы десе еш артығы жоқ. Бұл конкурс еліміз бойынша бұрын-соңды өткізілмеген екен. Байқауға республикамыздың 10 облысынан конкурсанттар қатысты. Конкурстың бас жүлдесін Ұлытаудың перзенті, қазір Астана қаласында тұратын Азамат Бахия иеленді. Сан түрлі аспапта ойнап қана қоймай, олардың бәрін өз қолымен жасай да білетін Азаматтың топтың алдынан көрінуі заңдылық та тәрізді еді.

Сондай-ақ, фестиваль аясында ақын, мемлекет және қоғам қайраткері, сазгер Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған «Сарыарқа саңлақтары» атты республикалық дәстүрлі әншілер байқауы да өтті. Бір атап айтарлығы, бұл байқау Сәтбаев қаласындағы Ш.Ділдебаев атындағы Кеншілер сарайының сахнасын дүбірлетті. Еліміздің түпкір-түпкірінен 23 әнші қатысқан ән бәйгесінде, олардың өнерін халқымызға кеңінен танымал Жақсыгелді Кемалов, Ғалым Мұхамеддин, Айгүл Қосанова, Еділ Құсайынов, Клара Төленбаева сынды саңлақтар бағалады.

Фестиваль 3 маусымда өнер шеберлерінің Гала-концертімен аяқталды.

Облөкім баспасөз қызметі



► СОТ ТӨРЕЛІГІ

ТАТУЛАСУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚТАН БОСАТУ

Көп жағдайда азаматтар тек азаматтық не әкімшілік сот өндірісінің шеңберінде ғана татуласу мүмкін деп қате ойлайды. Бүгінде сот жүйесінде қылмыстық құқықбұзушылықтардың кейбір санаттарын тараптардың татуласуымен аяқтауға мүмкіндіктер берілген. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚК) 68-бабында қылмыс жасаған адамның жәбірленушімен татуласуына байланысты оны қылмыстық жауаптылықтан босатудың тәртіптері мен негіздері көрсетілген.

ҚК-нің 68-бабына сәйкес, қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады.

Қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмысты алғаш рет жасаған көмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, жас балалары бар әйелдер, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектер, егер олар жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Дегенмен қылмыстық құқықбұзушылықтардың кейбір санаттары бойынша істерді тараптардың татуласуымен аяқтау мүмкін емес.

Атап айтқанда, азаптаулар, көмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар, абайсызда жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) өліміне алып келген жол-көлік оқиғасын жасау жағдайын қоспағанда, абайсызда адам өліміне не екі және одан көп адамның өліміне алып келген қылмыс, сыбайлас жемқорлық, террористік, экстремистік қылмыстар, қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыс жасаған адамдарға, бұрын жасаған қылмысы үшін тараптардың татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылып, қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімі ішінде қайта

қасақана қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды.

Татуласу жәбірленушінің қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға қарсы қозғалған қылмыстық істі тоқтату туралы өтініші негізінде жүргізіледі, яғни татуласу жәбірленушінің еркіне ғана байланысты. Зиянның есесін толтыру тараптардың татуласуы мен қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды қылмыстық жауапкершіліктен босату туралы шешім қабылдаудың алдында шынайы іске асырылуы тиіс.

Тараптардың арасында зиянның көлемі туралы дау туындап жатса, бұл мән-жай нақтысында тараптардың татуласпағандықтарын білдіреді және бұндай жағдайда қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам бұл жағдайда ҚК-нің 68-бабының негізінде қылмыстық жауапкершіліктен босатылуы мүмкін емес.

Демек, ҚК-нің 68-бабының негізінде қылмыс жасаған тұлғаны жауаптылықтан босату үшін тараптардың татуласуы және келтірілді зиянның толықтай өтелуінің жиынтығы міндетті шарт болып табылады.

Тараптарды татуластыру институтын дұрыс қолдану жәбірленушінің, арыз берушінің қылмыстық процестегі рөлі мен белсенділігін арттыруға, олардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын тез қалпына келтіруге жәрдемдеседі, сонымен бірге қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаған, соңынан жәбірленушімен, арыз берушімен татуласу және зиянның есесін толтыру түрінде байқалатын оң тәртібімен танылған адамдарға адамгершілікпен қарауға бағытталған.

Г. ИСКАКОВА,
Жезқазған қалалық сотының судьясы

ПАРТИСИПАТИВНАЯ ПРОЦЕДУРА - ЭТО АЛЬТЕРНАТИВНЫЙ МЕТОД УРЕГУЛИРОВАНИЯ СПОРОВ

Начать данную тему хочется с того, что понятие партисипативной процедуры в нашем законодательстве появилось не так давно. С принятием нового Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан допускается урегулирование спора в порядке партисипативной процедуры. Партисипативная процедура проводится без участия судьи путем проведения переговоров между сторонами при содействии урегулированию спора адвокатами обеих сторон и стороны вправе заявить ходатайство об урегулировании спора в порядке партисипативной процедуры до удаления суда для вынесения решения.

Данное новшество является существенным дополнением и изменением задач по содействию мирному урегулированию спора, предупреждению правонарушений и формированию в обществе уважительного отношения к закону и суду.

Партисипативная процедура состоит из трех этапов:

Первый этап - это выдвижение предложений сторонами по иску (спору, проблеме), при этом предложения могут выдвигаться как индивидуально каждой стороной, так и в групповом совместном обсуждении.

Второй этап - это разработка альтернатив сторонами как выход из сложившейся ситуации (спора, иска, проблемы), при этом отличие разработки от выдвижения заключается в конкретных деталях каждого варианта, включая плюсы и минусы для каждой стороны, возможность исполнения тех или иных условий, то есть своеобразный тест на реальность.

Третий этап — это выбор альтернативы сторонами из всех предложенных вариантов. В случае успешного проведения завершается заключением письменного соглашения, где указан выбранный сторонами вариант.

Сферой применения партисипативной процедуры являются гражданско-правовые споры, возникающие из гражданских, трудовых, семейных и иных правоотношений с участием физических и (или) юридических лиц, за исключением пу-

блично-правовых споров, если иное не установлено законами.

Судья, рассматривающий дело, проверяет содержание соглашения об урегулировании спора в порядке партисипативной процедуры и выносит определение о его утверждении и о прекращении производства по делу.

Порядок исполнения соглашения об урегулировании спора в порядке партисипативной процедуры регулируется правилами исполнения мирового соглашения:

- соглашение исполняется лицами, его заключившими, добровольно, в соответствии с порядком и требованиями, установленными в соглашении;

- соглашение, не исполненное добровольно, должно быть исполнено в принудительном порядке на основании исполнительного листа, выдаваемого судом по ходатайству лица, заключившего соглашение.

В заключение следует отметить, что партисипативное соглашение, как и другие предусмотренные законом примирительные процедуры, не только упрощают и облегчают гражданское судопроизводство, но и, что немаловажно, приводит стороны к обоюдному соглашению по урегулированию возникшего между ними спора или конфликта.

Д. УТИКЕЕВА,
судья Жезказганского городского суда.

► ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

КҮРЕСТІ КҮШЕЙТУ КЕРЕК

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр.

Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да деп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдікпен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, мемлекеттік міндеттерді атқаратын, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып, не мүліктік пайда алу үшін олардың өкілеттіктерін өзгеше пайдалану, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды заңсыз беру арқылы

оларды сатып алу сыбайлас жемқорлық болып есептеледі.

Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің бастамалары мен жетістіктерін жоққа

шығаратыны, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Елімізде жемқорлықпен және ұйымдасқан қылмыспен күресті күшейту шараларына орай «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы» арнайы заңдар қабылданды. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда.


«Жемқорлыққа қарсы күрес жан-жақты, үздіксіз, ашық әрі әділетті түрде жүргізілуі тиіс. Сондықтан қоғамды жегідей жеп жатқан қауіпті індетпен көп болып күресуіміз қажет.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр.

Ж. ӨМІРБЕКОВА,
Жезқазған қалалық сот әкімшісінің басшысы

ҒАЛЫМ АҚЫННЫҢ ҒАЛАМАТ СЫЙЫ

Ұлтымыздың қазіргі таңдағы ұлы ақындарының бірі, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ғалым Жайлыбай жуырда аудан орталығындағы N1 мектеп-лицейде қонақ болып, оқушылармен кездесті.



Ақын мектеп -лицейге құр қол келген жоқ. Ол қазақ тілі мен әдебиеті кабинетіне заманауи смарт панель және «Ай таңбалы арғымақ» жыры жинағын тарту етті.

Алдағы оқу жылында метеп -лицей ішінен Ғалым Жайлыбай атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кабинетін ашу жоспарлануда. Қазір кабинет жасақталу үстінде. Жаңа мектептің жаңашыл үрдістегі оқыту жүйесі рухани құндылықтарды дәріптеуге мән беріп, ақынға осылайша құрмет көрсетпекші.

Болашақ рух ордасына табысталған тамаша тартудың лентасын аудан әкімінің орынбасары Әсет Аманжолов пен N1 мектеп-лицей директоры Дәурен Ізтелеуов қиды.

— Бұл тек менің кабинетім болып насихатталмасын. Жалпы, аудан аумағындағы әдеби ортаның, шығармашылыққа құмар жастардың басын қосып, бағдарын айқындайтын жер болсын, — деді Ғалым ақын.

Ай таңбалы Арғымақтың сезім селіндей ақтарылған ақжолтай жырлары әр қа-

зақтың жүрегінен орын алмаққа ұмтылғалы қашан... Міне, туған жері Жаңаарқаға да жар салып тұр. Ғалым ақынның жырлары кабинетке емес, жүректерге орныққан. Сонда да, ұрпақ тәрбиесін ұлттық құндылықпен ұштастыра жүргізу үшін ақын атындағы кабинеттер керек!

Қадыр Мырза Әлінің «Ақынды қадірлеңдер тіріінде» деген тұжырымы қазақтың әр ақынына тұғыр болуы тиіс.

Кездесу барысында мектеп оқушылары ақын жыр жатқа оқып, жаңа кабинетке есімі берілген ақын оқушыларға қолтаңба берді.

Ғалым Жайлыбайдың ғибратханасында шыңдалып шыққан шымыр ойлы бүлдіршіндер үшін бұл кабинет болашақта поэзия патшалығына айналғалы тұр. Сәтімен болсын!

Ауыл мектебіндегі жыр ордасының ғұмыры ұзақ болсын!

**Несібелі
БЕЙСЕБАЕВА,
Е.Шаханов атындағы
тірек мектебінің
(ресурстық орталығы)
химия пәнінің мұғалімі.**

Жаңаарқа ауданы

ДІН СПОРТҚА ҚАРСЫ ЕМЕС

«Жезқазған қаласының ішкі саясат бөлімі» ММ тапсырысы бойынша, «AQNIET» ақпараттық-насихаттау және оңалту орталығы» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен мешіт жамағатының арасында «АЛТЫН ЖЕБЕ» садақ ату жарысы өткізілді. Жалпы жарысқа 32 адам қатысты.



Шара барысында дәстүрлі діни құндылықтар, ислам діні мен қазақ халқының салт-дәстүр сабақтастығы турасында түсіндірме жұмысы айтылып, қазақ мәдениеті мен ислам дініндегі «садақ ату» және «атқа міну» сынды құндылықтар жайында баяндалды. Қатысушыларға қымыз таратылып, жеңімпаздар мақтау қағазымен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

«Еңбек арена» спорт кешенінде әйел-қыздар жамағаты арасында «Батыр аналар» спорттық жарыс

ұйымдастырылды. Жарысқа 8 командадан тұратын 60 адам қатысты. Жарыс қорытындысы ақшалай сыйлықтармен және көп балалы отбасыларға мектеп жабдықтары, кітаптар, және қаламыздың тамақтанатын орынға сертификат берілді. Одан бөлек барлық қатысушыларға сыйлықтар мен мақтау қағаздары табыс етілді.

«AQNIET» ақпараттық-насихаттау және оңалту орталығы» қоғамдық қоры

«ӘН САЛДЫМ ҚОҢЫР ҚАЗДАЙ БАЯУЛАТЫП»

Жаңаарқа аудана қарасты іргелі ауылдарының бірі - Ақтүбек ауылы. Сол ауылдағы қарашаңырақ Ақтүбек орта мектебінің тарихи тереңде. Аталған білім ордасынан қанаттанған түлектер бүгінде еліміздің дамуы жолында әр салада, әр өңірінде абыройлы еңбек етіп, елге танымал тұлғалар қатарында. Аталған мектеп ұжымы біз түлектерімізді әрқашан мақтан тұтып, ауыл жастарына үлгі-өнеге етеміз. Биылғы оқу жылын жылдағыдай жақсы көрсеткішпен, толайым жеткістіктермен аяқтағалы отыр.

Биылғы оқу жылын жылдық жоспар аясында мектеп ішілік түрлі іс-шаралар мен тәрбиелік маңызы зор кездесулермен оқушыларымыздың жан-жақты дамуына әсері мол кештермен тәмемдап отырмыз. Сондай керемет жобаның бірі «Әншуақ» қазақ тіліндегі балалар әндері фестивалі. «Ән салдым қоңыр қаздай баяулатып» атты кездесуіміздің қонағы ауылымыздың жезтаңдай әншісі, қара домбыра иесі, дарынды жерлесіміз Тарғын Бекенұлы болды. Оқушылар дәстүрлі ән тыңдап, орындалған әндердің шығу тарихынан мол мағлұматтар алды. Кеш барысында ашық сұқбаттасып, балалар көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойды.

Тарғын домбыраны солақай тартатын ерекше қабілеті бар. Оқушылар ол кісіге солақай тарту қиындық туғызған жоқ па? Ән қоржыныңызда тағыда қанша қазақтың әндері бар, қандай әндерді сүйіп айтасы сияқты басқада сұрақтар қойып, толыққанды жауаптарын алды. Кездесу өте жоғары деңгейде қызықты өтіп, балалар ерекше қуанышқа бөленді. Осы кездесуді өткізген мектебіміздің кітапханашысы және музыка пәнінің мұғалімі Айнаш Рахымқызына және жүргізушісі Бейбарыс Бекболатұлына мектеп әкімшілігі атынан алғыс білдірілді.

**Гүлмира АБДИКАСОВА,
Ақтүбек ЖББМ
директоры**





ОВЕН. Наступает время активных действий, Овен! Эта неделя подходит для начала новых проектов и активного налаживания контактов. Ваши усилия в работе могут быть высоко оценены руководством. В личных отношениях возможны небольшие разногласия, но они будут решены к концу недели.



ТЕЛЕЦ. Эта неделя обещает Тельцу много радостных моментов, особенно в сфере личных отношений. Время проведенное с семьей или близкими друзьями окажется особенно ценным. На работе вам может потребоваться больше сосредоточенности, поскольку возможны некоторые сложности.



БЛИЗНЕЦЫ. Для Близнецов эта неделя будет полна общения. Вас ждут интересные встречи и новые знакомства, которые могут оказать влияние на вашу карьеру или личную жизнь. Не избегайте общественных мероприятий и семинаров. Ваше финансовое положение останется стабильным, но избегайте лишних трат.



РАК. С началом этой недели Раки могут ощутить повышенную эмоциональную чувствительность. Это время для внутренней работы и саморефлексии. На работе старайтесь не принимать поспешных решений. Ваши отношения с партнером могут улучшиться, если вы будете открыты и честны в своих чувствах.



ЛЕВ. На этой неделе Львы могут почувствовать потребность в большем внимании к себе. С понедельника вы ощутите прилив энергии, который поможет справиться с любыми задачами на работе и в личной жизни. Среда станет хорошим временем для планирования новых проектов и занятий спортом. В выходные дни постарайтесь больше времени провести с близкими.




ДЕВА. У Дев неделя начнется с необходимости завершения старых дел и проектов. Во вторник возможны неожиданные встречи, которые принесут полезную информацию и откроют новые возможности. Четверг и пятница станут днями, когда важно уделить внимание своему здоровью и отдыху.




ВЕСАМ стоит быть готовыми к новым вызовам и переменам. Начало недели может быть напряженным из-за рабочих обязательств, но уже во вторник ситуация начнет выравниваться. В среду и четверг будет хорошее время для общения с коллегами и партнерами, обсуждения новых идей и планов.



СКОРПИОНЫ почувствуют желание внести изменения в свою жизнь. Понедельник может стать днем размышлений и планирования. Во вторник и среду возможны интересные предложения, которые стоит рассмотреть внимательно. Четверг и пятница будут удачными днями для решения финансовых вопросов и инвестиций.



СТРЕЛЕЦ. Энергия и оптимизм наполнят вашу неделю, Стрелец! Проявите инициативу в профессиональных делах, и это принесет вам успех. На личном фронте, возможно, вас ждут приятные сюрпризы от близких людей. Постарайтесь провести выходные на природе, это укрепит ваше эмоциональное состояние.



КОЗЕРОГ. Ваша трудоспособность на этой неделе будет на высоте, Козерог. Используйте этот момент для решения задач, которые давно откладывали. В финансовом плане ожидайте положительных изменений, возможно, вам предложат новые источники дохода. В личных отношениях необходимо проявить терпение и понимание.



ВОДОЛЕЙ. Эта неделя приносит Водолею возможности для творческого самовыражения. Ваше умение мыслить нестандартно поможет в решении сложных задач на работе. Социальные связи активизируются, не упустите шанс расширить свой круг общения. Заботьтесь о своем здоровье, найдите время для отдыха.



РЫБЫ. Для Рыб эта неделя обещает быть спокойной и мирной. Сосредоточьтесь на восстановлении своего внутреннего баланса. В профессиональной сфере возможны небольшие успехи, которые укрепят вашу уверенность в себе. В отношениях цените моменты гармонии и старайтесь избегать конфликтов.

СКАНВОРД

Дверь, рай	Декольте, выем	Бег, здоровье	Заём, кредит					
				Оброк, подать	Хэтчбек, универсал		Франт, щёголь	
	Догма, истина	Агрессия, ненависть	Коп, бобби					
					Кожа, куртка		Тюлень, акиба	
	Глава, шайка	Горючее, машина						
					Голос, окраска		Марля, рулон	
Житель, Дели	Вес, мера	Пистолет, система						
				Босота, улица	Терние, роза			
Тройка, наряд	Курилка, вагон	Тузлук, икра						
				Суд, исполнитель	Рога, копыта		Хандра, тоска	
	Лодка, мотор						Пояс, бочонок	
	Деталь, микроскоп	Орех, земля	Жёлоб, крыша					
				Вето, запрет				
	Олень, панты	Гуща, дно						
				Лёд, пар				

Анекдоты, анекдоты...

Когда обычный выпускник курсов программирования переходит улицу, он смотрит налево и направо, как учили в школе. Разработчик продакшна смотрит налево, направо и вниз, потому что там может лежать граната. Хакер смотрит налево, направо, вниз и вверх, потому что оттуда тоже может что-то прилететь.

Школьный учитель спрашивает учеников о профессии родителей.

— Тим, чем твоя мама занимается на работе?

Тим встаёт и гордо говорит:

— Она доктор.

— Замечательно, ну как насчёт тебя, Эмми?

Девочка стеснительно произносит:

— Мой папа разносит почту.

— Спасибо, Эмми, — говорит учитель. — Ну, а твои родители что делают, Билл?

Билл гордо встаёт и объявляет:

— Мой папа играет музыку в борделе! Обалдевший учитель решил направиться к Биллу домой.

— В каких условиях вы растите ребёнка? — спрашивает он у отца.

Тот отвечает:

— Вообще-то я программист и специализируюсь на TCP/IP коммуникационном протоколе в системе UNIX. Ну как объяснить это семилетнему пацану?

Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген. 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 1012 Заказ 874

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы: Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты.

Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.